



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕҢЕС ӨТКІЗДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардағы әскери және

құқықтық тәртіп мәселелері бойынша кеңес өтті. Жиында Бас прокурор Берік Асыллов, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов, Қорғаныс

министрі Дәурен Қосанов әскери және құқықтық тәртіпті сақтау шаралары, сондай-ақ әскерилер арасында жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары туралы баяндама жасады.

Сонымен қатар әскердегі құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдары басшылары қызметінің түрлі аспектілері қарастырылды.

Президент заңмен тәртіпті одан әрі қамтамасыз етуге, әскердегі тәрбие жұмысын жетілдіруге, әскери қызметшілердің мерт болуына және жарақат алуына жол бермеу бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

akorda.kz

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 588 КӘСПОРЫН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



Жетісу облысында 588 кәсіпорын бар, соның 378-і өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейді. Осы жылдың он айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 323,2 млрд. теңгені құрады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 240,1 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте оның өнеркәсіптегі үлесі - 74,3%,

бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,3%-ға өскен.

Облыс кәсіпорындарының өнімділігін арттырып, өндіріс көлемін ұлғайту үшін үнемі цифрландыру элементтері енгізіле отырылып, жаңғыртылады.

Мәселен, осы жылы «Қайнар АҚБ» ЖШС өнеркәсіптік аккумуляторлар шығаратын жаңа желіні іске қосып, жаңғырту жүргізді. Сондай-ақ қойма, монтаждау желісі, лазерлік таңбалау және жұмыс уақытын есептеу жүйесі автоматтандырылды.

«Метакон» ЖШС металды лазерлік кесу және металл конструкцияларды роботтық дәнекерлеу жүйесін

енгізді, ал «Алацем» ЖШС робот-паллетайзермен жабдықталған орау цехын ашты.

Сонымен қатар қоспаны дайындаудан бастап кесіп, қаптауға дейін толық автоматтандырылған өндіріс процесімен газоблок шығаратын «Стальбетон» ЖШС зауыты пайдалануға берілді.

«Бұл шаралар шығындарды төмендетіп, дәлдікті арттырады және өңір кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді. Жалпы, 2029 жылға дейін өңдеу өнеркәсібі саласында 1,9 трлн. теңге көлемінде 29 жобаны іске асыру жоспарлануда. 6,7 мыңнан астам жұмыс орны құрылады. Олардың ішінде ірі перспективалық жобалар «Шоғырландырылған тау-кен құрылыс компаниясы» ЖШС металлургия комбинаты, «Қазақстан-Қытай халықаралық өндірістік қаласы» ЖШС индустриялық паркі, «Empire Manufacturing Kazakhstan» ЖШС пакеттелген кофе мен шай өндірісі, «Envision KKS» ЖШС жел электр станцияларын өндіретін зауыты, - деп атап өтті облыстық кәсіпкерлік және ИИД басқармасының басшысы Серік Сәбетайұлы.

Фотографтар: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ НАРЫҚТЫҢ АДАЛ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҒАНА КӨРСЕТІЛЕДІ» — ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ОТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ

Үкімет отырысы барысында Премьер-министр Олжас Бектенов отандық фармацевтика саласына қаржы тартуды ынталандыру мақсатында инвестициялар туралы келісімдер жасалып жатқанын атап өтті.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өндіру бойынша 9 инвестициялық жоба қолға алынды. Денсаулық сақтау министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, үш ай ішінде барлық ұйымдастыру жұмыстарын аяқтап, инвесторлармен келісімдердің жасалуын қамтамасыз ету тапсырылды.

«Дәрі-дәрмекке баға белгілеудің жаңа цифрлық жүйесі фармацевтикалық нарықтағы барлық қатысушылар үшін бірыңғай ережелерді бекітті. Биыл препараттарға бағаны төмендетудің арқасында мемлекет дәрілерді сатып алуға 36 млрд теңгеден астам қаржы үнемдеді. Бұл қаражат халықты қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге бағытталады. Сатып алу бағаларының төмендеуі өндірушілер мен жеткізушілерге ұнай бермейтіні түсінікті. Бірақ біз азаматтарымыздың мүдделерін басшылыққа алуымыз керек. Дәрілер әділ бағамен сатып алынады. Отандық фармацевтикалық өндірушілерге айтарым, біз Сіздерді әрі қарай да қолдаймыз. Оған ешқандай күмән болмасын. Бірақ мемлекеттік қолдау шаралары сапалы медициналық өнімді жеткізетін және бағаны жасанды түрде өсірмейтін нарықтың адал қатысушыларына ғана көрсетіледі», — деп атап өтті Премьер-министр.


Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова 2026 жылға арналған препараттарды сатып алу жаңартылған жүйе бойынша жүргізіліп жатқанын айтты. Дәрі-дәрмектердің кең тізімінің құнын төмендету нәтижесінде айтарлықтай бюджеттік тиімділікке қол жеткізілген. Бірқатар жоғары шығынды дәрілік заттар бойынша бағалар 50%-дан 300%-ға дейін төмендеді. Бұл, ең алдымен, онкологиялық препараттарға қатысты. Мысалы, Иматиниб дәрісі бойынша баға 9450 теңгеден 2348 теңгеге төмендеді, ал Бевацизумаб дәрісінің бағасы 360 мыңнан 77 мыңға дейін төмендеді.

Сонымен қатар дәрі-дәрмектер өзге де профильдер бойынша айтарлықтай арзандады. Осылайша, антибиотик Цефепим бойынша бюджетті үнемдеу 174 млн теңгені (-40%), ал иммунобиологиялық препарат Экулизумаб бойынша - 424 млн теңгені (-18%) құрады. Ең жоғары бюджеттік тиімділікті қамтамасыз ететін ТОП-10 препаратқа Бевацизумаб, Иматиниб, Сорафениб және Сунитиниб сияқты препараттар кірді. Сондай-ақ Инсулин деглудек, Метотрексат, Элтромбопаг, Будесонид және Йопромид бағасы айтарлықтай төмендеді.

Өзгерістер бөлшек сауда нарығына да әсер етті. 4 900 дәрі-дәрмектің бағасы қайта қаралды. Қазан-қараша айларында дәріханалардың мониторингі танымал препараттардың құны орта есеппен 12%-ға төмендегенін көрсетті. Мысалы, «Цефапс» препараты 31%-ға, «Зитмак» - 20%-ға, ал «Ревмоксикам» - 32%-ға арзандады.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, негізгі отандық өндірушілер жаңа ережелерге бейімделіп, дәрі-дәрмектер желісін бағасын төмендетіп үлгерген. Үнемделген қаражаттар ең алдымен алғаш белгіленген пациенттердің қосымша қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жұмсалмақ. Жалпы алғанда, жаңа баға белгілеу моделі тұрақты және болжамды нарықты қалыптастырып, жеткізу қауіпсіздігін нығайтады және сыртқы баға ауытқуларына тәуелділікті төмендетеді. Министрлік қол жеткізілген нәтижелерді бекіту бағытында жұмысты жалғастырады.

primeminister.kz



ЖЕТИСУДА БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ОЛАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗІЛДІ



Жетісу облысында орта және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларды тамақтандыру сапасы мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылайтын қоғамдық штаб жұмыс істейді. Осы жылдың қазан айында құрылған штабтың құрамындағы жергілікті мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аймақтық филиалының, барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер мен «АМАНАТ» партиясы облыстық филиалының мүшелері және белсенді азаматтар екі ай ішінде өңірдегі 416 білім мекемесіне, соның ішінде жекеменшіктегі мекемелерге де мониторинг жүргізді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Қоғамдық бақылау туралы» Заңның аясында жүргізілген мониторинг барысында қоғамдық штаб өкілдері тамақтану сапасы мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты негізгі мәселелерден бөлек, санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптардың сақталуына, температуралық режимге, іс жүргізуге, оқушыларды автобуспен тасымалдауға ерекше назар аударды. Сондай-ақ олар білім беру нысандарында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарына қатысты мәселелерді де қарастырды.

Балалардың қауіпсіздігі мәселесіне қатысты облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов: - Өңірдегі 422 білім беру ұйымының барлығы бейнебақылау камераларымен толық қамтамасыз етіліп, Полиция Департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. Сол сияқты барлық білім беру ұйымдарында «Дабыл түймелері» қойылып, жергілікті полиция басқармаларының кезекші бөліміне қосылды. Бүгінгі күні 296 білім беру ұйымында 518 дана турникет орнатылды. Облыс бойынша 210 білім беру ұйымы 253 штаттық бірлікте арнайы мамандандырылған күзетпен қамтамасыз етілген. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда, - деді өз сөзінде.

Қоғамдық штаб өкілдерінің айтуынша, мониторинг қорытындылары білім беру сапасын одан әрі жүйелі түрде жақсартудың негізіне айналады.

- Балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелерін қоғамдық бақылау – аталған мәселерге қатысты мәліметтерді жинақтау, талдау және бағалау ісін қамтитын кешенді жұмыс. Біздің мақсатымыз – туындаған мәселелерді анықтап, оларды шешу бойынша ұсынымдар әзірлеу. Ал бұл ұсыныстарды іске асыру өңірде заманауи әрі қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай мониторинг шараларын облыс көлемінде әр тоқсан сайын жүргізіп тұрамыз, - деді «АМАНАТ» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын.

Жалпы, биыл өңірде 3 мектептің құрылысы аяқталды. Атап айтқанда, «Келешек мектебі» ұлттық жобасы аясында Алакөл ауданының Достық ауылында 600 орындық, Ақсу ауданының Көлтабан ауылында 120 орындық, Панфилов ауданының Талды ауылында 300 орындық мектептер пайдалануға берілді. Тағы 4 мектептің құрылысы жалғасуда, яғни Кербұлақ ауданының Көксай ауылында, Панфилов ауданының Суптай ауылында, Текелі қаласында және Талдықорған қаласында жалпы 680 орынға арналған білім нысандары салынып жатыр, келесі жылы пайдалануға беріледі. Сол сияқты 7 мектепке күрделі жөндеу жүргізіліп, соның 5-еуінде жөндеу жұмыстары аяқталды, ал қалған 2 мектепте құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін толық бітеді. Бұдан бөлек, биыл 14 мектепте, 5 балабақшада және 1 лагерьде – жалпы саны 30 білім беру нысанында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал келесі жылы 25 мектеп, 2027 жылы тағы 25 мектеп жөндеуден өтеді.

Фототілшілер: Дмитрий Ерофеев, Жұмабай Мұсабеков, сондай-ақ, фотосуреттерді «АМАНАТ» партиясының облыстық филиалы ұсынды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ТУҒАН ЖЕРДІ ҚОРҒАУ – БҰЛ ҰРПАҚТАҒЫ-ҰРПАҚҚА ЖАЛҒАСАТЫН АМАНАТ



Қазақстанның сайын даласы, кең өлкесі – табиғаттың ғажайып сыйы. Ұлы Даланы мекендеген халықтың өмірі де осы табиғатпен біте қайнасып, оның әрбір тынысымен астасып жатыр. Сол кең мекеннің ерекше бір көркем бөлігі – Жетісу өңіріндегі Ескелді ауданы. Бұл аудан – табиғаты тамаша, ауасы таза, жері құнарлы, халқы еңбекқор аймақ. Ескелді – адам жанын тыныштандыратын кеңістік, рухани күш-қуат беретін мекен.

Ескелді ауданының құндылығы тек табиғатымен ғана өлшенбейді. Мұнда тарих, мәдениет, салт-дәстүр, рухани сабақтастық ерекше үйлесім табады. Адамдар табиғатты аялау арқылы өзінің болашағын, елінің келешегін қорғап отырғанын жақсы түсінеді. Сондықтан бұл өңірді зерттеп, танып-білу – әрбір жас үшін маңызды.

Ескелді ауданы – тарихы терең, шежіресі бай мекен. Аудан атауы қазақтың көрнекті биі Ескелді Жылкелдіұлының құрметіне қойылған. Жоңғар шапқыншылығы мен ел ішіндегі қиын-қыстау кезеңдерде әділдігімен, шешендігімен, батылдығымен көзге түскен бұл тұлға халықтың бірлігін, жерінің тұтастығын сақтауға зор үлес қосқан. Халық тарапынан “Ескелді би” атануы оның ел есінде мәңгілікке сақталғанын көрсетеді.

Бұл өңірдің тарихы Ескелді бидің есімімен ғана емес, жалпы Жетісу өлкесіне тән көне мәдениетпен де байланысты. Осы жерде ата-бабаларымыз мал өсіріп, жер өңдеп, шағын қоныстар құрып, өздерінің төл мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Аудан аумағында ежелгі қоныстар, тарихи орындар, көне қорымдар бар. Олардың әрқайсысы – бабалардың өткен өмірінен сыр шертетін қазына.

Ескелді ауданындағы ауылдардың атаулары да көп нәрседен хабар береді. Әрбір ауылдың тарихы – үлкен шежіренің бір тарауы. Бұл жерлерде ғасырлар бойы елін сүйген, жерін қорғаған адамдар өмір сүрген. Олардың жүріп өткен жолдары бүгінгі ұрпақ үшін үлгі, ал туған жердің тарихы – рухани тірек.

Тарихты білмей, туған жерді сүйіп, оны қорғау мүмкін емес. Сондықтан Ескелді жастары үшін өз өлкесінің өткенін танып-білу – маңызды міндет.

Ескелді ауданы өзінің табиғи көрінісімен ерекше бейнеленеді. Мұнда төрт мезгілдің әрқайсысы түрлі түске еніп, адамға бөлек әсер сыйлайды.

Көктем – ояну кезеңі
Көктем келгенде Ескелдінің даласы ерекше құлпырып, жасыл түске боялады. Өзендердің жағасына алғашқы бәйшешектер шығып, құстардың үні жаңғырыға бастайды. Ауыл маңындағы тау бөктерлері дала гүлдерімен көмкеріліп, табиғат оянып, адамға ерекше күш-қуат береді.

Жаз – табиғаттың сұлулығының шегі
Жаз мезгілінде аудан ауа райы жұмсақ, аса ысымайды. Жазық даланы жоңышқа, беде, жусан иісі кернейді. Мөлдір бұлақтар мен шағын өзендер ауыл өміріне ерекше сән береді. Далаға таралатын самал желдің өзі жаңға жайлы.

Күз – тоқшылық пен еңбек кезеңі
Күзде Ескелді жері алтын түске енеді. Егін алқаптары пісіп-жетісіп, халық мол өнім жинауға кіріседі. Табиғаттың байлығы еңбек пен маңдай тердің арқасында игілікке айналады.

Қыс – тыныштық пен мөлдірлік мезгілі
Қыста жер аппақ мамыққа оранып, дала кезеңі тыныштыққа шомады. Ауасы ерекше тазарғандай болады. Дәл осы кез – ауданның “таза ауа” түсінігін нақты сезінуге болатын шақ.

Ескелдінің табиғатында кеңдік те, тыныштық та, әсемдік те бар. Мұнда ірі зауыттар жоқ, экологияны ластайтын өндіріс орындары аз, сондықтан табиғат өзінің бастапқы қалпын сақтап қалған.

Экологиялық мәдениет – аудан халқының басты құндылығы
Ескелді ауданын “таза аудан” деп атау бекер емес. Бұл – тек табиғат берген сый емес, халықтың өз еңбегімен, жауапкершілігімен қалыптасқан жағдай.

Аудан тұрғындарының экологиялық мәдениеті жоғары. Олар табиғатты аялауды, қоршаған ортаны таза ұстауды өздерінің өмірлік қағидасы ретінде көреді. Бұл мәдениеттің негізгі көріністері:

- Көшелер мен ауылдарды таза ұстау
Аудан орталығында да, ауылдарында да тазалыққа ерекше мән беріледі. Көшелерде қоқыс тастауға тыйым салынған, адамдар мұны толық түсінеді. Тазалық – мәдениеттің белгісі екенін жақсы біледі.

- Сенбіліктер мен ағаш отырғызу дәстүрі
Көктемде және күзде халық толықтай сенбілікке шығып, өзен жағаларын, саябақтарды, көшелерді тазалайды. Әсіресе жасыл желек отырғызу – аудан үшін ерекше маңызды.

Әр ауылда мыңдаған ағаштар отырғызылып, олар тұрақты күтімге алынады.

МЕМЛЕКЕТ ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖАҢАРТТЫ: ЕНДІ БӘРІ АШЫҚ ЖӘНЕ ОНЛАЙН ҚОЛЖЕТІМДІ



Тұрғын үй көмек – Қазақстандағы аз қамтылған азаматтар мен отбасыларға арналған мемлекеттік төлем. Ол тұрғын үйге, коммуналдық қызметтерге және мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға алынған баспананың шығындарының бір бөлігін өтеуге бағытталған. Мемлекеттің мақсаты – әлеуметтік осал азаматтарды қолдау және цифрландыру арқылы процесс ашықтығын

қамтамасыз ету.

2025 жылы көмек алу жолы

–Өтінішті онлайн egov.kz порталы арқылы немесе ХҚКО арқылы жеке түрде беру мүмкін.

–Негізгі мәліметтер (тұрғын үй иелігі, тіркелу, кірістер, банк шоты) мемлекеттік органдар арқылы тексеріледі.

–Өтінішті тіркеу үшін отбасындағы барлық жеткіншек жастағы мүшелердің келісімі қажет.

–ААЖ «Әлеуметтік көмек» жүйесінде нормативтік есеп жасалады, бұл шешім қабылдау процесін жеделдетеді.

Кімдер көмек ала алады

–Тұрғын үй және коммуналдық қызметтерге шығындары жалпы кірістің рұқсат етілген бөлігінен (5%-10%, мәслихаттар белгілейді) асатын, кірісі белгіленген шектен төмен аз қамтылған отбасылар.

–Көмек тек бір ғана тұрғын үйге (өздігіңізге немесе мемлекеттік қордан жалға алынған) беріледі.

–Отбасының кірісі өтініш берілетін кварталға дейінгі үш ай бойынша есептеледі, оған жалақы, жәрдемақылар, алимент, кәсіпкерлік табыс, жалға беру, бағалы қағаздар мен сыйлықтар кіреді.

Не өтеледі

–Коммуналдық қызметтер: су, электр, газ, жылу.

–Тұрғын үй мен аула аумағын күтіп ұстау.

–Капиталдық жөндеу.

–Байланыс қызметтері.

–Мемлекеттік қордан алынған тұрғын үйді жалға алу төлемі.

Көмек тек бір тұрғын үйге беріледі, жеке тұлғадан жалға алу мен коммуналдық қызметтердің нормативтен асқан тұтынуын немесе пәтер аумағының шектен тыс қолданылуын қамтымайды.

Көмектің есептелуі

Тұрғын үй көмегі = нақты шығындар – рұқсат етілген шығын деңгейі (жергілікті мәслихаттар белгілейді).

–Нормативтік есеп ААЖ «Әлеуметтік көмек» жүйесінде аймақтық шектеулер мен нормаларды ескере отырып жасалады.

–Есептеу кезінде бір адамға 18 м² белгіленген.

Өтінішті қадамдап беру

1.Өтініш беру – eGov.kz порталында немесе ХҚКО арқылы ЭЦҚ арқылы.

2.Тексеру – мемлекеттік органдар тұрғын үй, тіркелу, отбасы құрамы, банк шоты және мемлекеттік тұрғын үйді тексереді.

3. Мәліметтерді енгізу – өткен кварталға арналған төлем құжаттарын тіркеу (тұрғын үй, коммуналдық қызмет, байланыс).

4. Қарау – әкімдіктер нормативтік есеп жасайды; мерзімі – 6 жұмыс күні.

5. Шешім қабылдау және төлеу – өтініш берушіге хабарланады; тізімдер Қаржы министрлігінің Казначейлік комитетіне жіберіліп, қаражат аударылады.

Қажетті құжаттар

–Жеке куәлік.

–Коммуналдық қызмет, тұрғын үйді күтіп ұстау және капиталдық жөндеуге арналған төлем құжаттары.

–Байланыс қызметтеріне келісім немесе төлем құжаттары.

–Мемлекеттік қордан жалға алу туралы құжат (бар болса).

–Банк шотының нөмірі (IBAN).

Дереккөз: ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің ресми сайты

ГАЗБАЛЛОН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС ШАРАСЫ ӨТКІЗІЛУДЕ

Елімізде соңғы жылдары газ баллон жабдықтарымен жұмыс істейтін автокөліктердің саны едәуір өсті. Осыған орай, адам өлімі мен материалдық залалға әкеп соқтыратын түрлі төтенше жағдайлардың туындау қаупі бірнеше есе артты.

Сауда үй-жайларының паркингтерінде және жабық автотұрақтарда (тұрғын және қоғамдық ғимараттарға салынған және жапсарлас салынған) газ баллон жабдықтарымен жабдықталған автомобильдердің өртенуі аса қауіпті. Бұл ретте, мұндай өрттердің негізгі себептері «қолөнер тәсілімен» газ баллонды жабдықты орнату, технологиялық процесті бұза отырып, біліктілігі жоқ мамандардың жұмыстарды жүргізуі, сондай-ақ тиісті қызмет көрсетудің болмауы болып табылады.

Сонымен қатар, өрт қауіпсіздік ережелеріне сәйкес өзге мақсаттағы кіріктірілген және оларға жапсарлас салынған ғимараттарда, сондай-ақ жер деңгейінен төмен орналасқан автотұрақтар мен жабық үлгідегі үй-жайлар мен паркингтерде газ баллонды жабдықпен жарақтандырылған автомобильдердің тұрағына жол берілмейді. Осыған байланысты бақылауды қамтамасыз ету мақсатында бүгіннен бастап газ баллон жабдықтарымен жарақтандырылған көлік құралдарын пайдалану және тұрақ саласындағы заңнама нормаларының сақталуына 05 желтоқсанға дейін Төтенше жағдайлар министрлігі Ішкі істер министрлігімен бірлесіп «ГАЗБАЛЛОН» профилактикалық іс-шарасын өткізеді. Мүдделі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың (жергілікті атқарушы органдарды, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палаталарын, еріктілерді) тарта отырып жұртшылық газ баллон жабдықтарымен жарақтандырылған көлік құралдарын пайдалану және тұрақ жөніндегі заңнама талаптарының сақталуын тексеретін болады.

Газбаллон жабдықтарымен жарақтандырылған көлік құралдарының тұрақтарын пайдалану саласында бұзушылықтардың анықталған барлық фактілері туралы «101» және «112» диспетчерлік қызметінің пультіне хабарлау қажет

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС: ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ



Зорлық-зомбылық — тек жеке адамның трагедиясы ғана емес, тұтас қоғамның әлеуметтік, психологиялық және құқықтық мәселесі. Ол адамның денсаулығына, бостандығына, қадір-қасиетіне қауіп төндіріп, отбасылардың бұзылуына, балалардың травма алуына, қоғамдағы сенім деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан зорлық-зомбылыққа қарсы күрес – мемлекет, қоғам және әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі.

- Зорлық әрқашан физикалық зақым келтіру арқылы көрінбейді. Ол бірнеше бағытта байқалады:
- 1.Физикалық зорлық-зомбылық – денеге күш қолдану, ұру, итеру, жарақат салу.
 - 2.Психологиялық зорлық – қорқыту, кемсіту, манипуляция, ар-намысқа тию.
 - 3.Экономикалық зорлық – ақшаға қолжетімділікті шектеу, еңбек етуге тыйым салу, қарызға тәуелді ету.
 - 4.Жыныстық зорлық – адамның еркіне қарсы жасалған әрекеттер.
 - 5.Кибербуллинг – интернетте қорлау, мазақтау, жеке мәліметтерді тарату.
- Бұл түрлердің әрқайсысы адамның ішкі дүниесіне, психикасына және болашағына терең жара қалдыруы мүмкін.

- Зорлық-зомбылыққа әкелетін себептер
- Зорлықтың қалыптасуына бірнеше фактор әсер етеді:
- Отбасылық тәрбиедегі қателіктер және агрессивті орта
 - Экономикалық қиындықтар мен әлеуметтік стресс
 - Құқықтық сауатсыздық және жазасыздық сезімі
 - Қоғамдағы гендерлік стереотиптер
 - Балалық шақтағы травмалар
- Себептерді анық түсіну – алдын алу шараларын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.
- Зорлық-зомбылықтың салдары
- Зорлық-зомбылық құрбаны болған адамның өмірі түбегейлі өзгеруі мүмкін:
- психологиялық жарақат (қорқыныш, күйзеліс, депрессия);
 - әлеуметтік оқшаулану;
 - өзіне деген сенімнің жоғалуы;
 - денсаулыққа ұзақ мерзімді зиян;
 - балалардың дамуына кері әсер.
- Зорлық жасалған ортада өскен бала ертең өзін де, өзгелерді де қорғауда қиындық көреді.
- Зорлықтың алдын алу кешенді шараларды қажет етеді:
- 1.Заңнаманы күшейту және құқық қорғау органдарының тиімді жұмысын арттыру.
 - 2.Қоғамдық сауаттандыру: халыққа зорлық-зомбылықтың түрлері мен одан қорғану жолдарын түсіндіру.
 - 3.Құрбандарға қолдау көрсету орталықтарын көбейту: психолог, әлеуметтік қызметкер, заңгер көмегі.
 - 4.Мектептер мен ЖОО-ларда қауіпсіз қарым-қатынас мәдениетін оқыту.
 - 5.Қоғамдық ұйымдар мен еріктілер қозғалысын дамыту.
- Әр азаматтың рөлі қандай?
- Зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тек заңгерлер мен мамандардың ісі емес. Әрбір адам:
- озбырлыққа төзбеушілік ұстанымын қалыптастыруы;
 - куә болған жағдайда үнсіз қалмауы;
 - жақындарын қолдап, қауіпсіз орта құруы;
 - балаларға құрмет пен мейірім негізіндегі тәрбие беруі қажет.
- Зорлық-зомбылықты тоқтату – ұзақмерзімді әрі ортақ әрекетті талап ететін процесс. Әрқайсымыздың кішкентай қадамымыз – қауіпсіз қоғамға жасалған үлкен үлес. Бір-бірімізді қорғау, құрметтеу және қолдау арқылы ғана зорлықсыз болашақ құра аламыз.

ВМЕСТЕ СКАЖЕМ «СТОП НАСИЛИЮ»

«Нет насилию» – это универсальный лозунг против насилия, а также международный сигнал помощи, который подается так: поднимите руку, сожмите большой палец к ладони, а затем согните четыре других пальца, прикрывая им большой палец. Этот жест помогает, если человек находится в опасности, но не может говорить.

- Виды насилия
- Физическое насилие:
 - Умышленное нанесение вреда здоровью с применением физической силы.
 - Признаки включают синяки, порезы, переломы, ожоги.
 - Психологическое (эмоциональное) насилие:
 - Воздействие на психику человека с целью унижения, запугивания, контроля.
 - Примеры: постоянная критика, оскорбления, угрозы, шантаж, игнорирование, газлайтинг.
 - Для этого вида характерно систематическое, повторяющееся поведение, а не единичный инцидент.
 - Сексуальное насилие:
 - Любые сексуальные действия против воли человека, совершённые силой, угрозой или обманом.
 - Включает принуждение к сексуальным контактам или прикосновениям.
 - Экономическое насилие:
 - Лишение человека материальных ресурсов, необходимых для жизни.
 - Примеры: запрет на работу, лишение финансовой поддержки, полный контроль над расходами.
 - Что делать, если вы стали свидетелем насилия или оказались в такой ситуации
 - Сообщите о ситуации: Если вы видите, что кто-то подвергается насилию, попробуйте сообщить об этом в полицию или специальные службы поддержки.
 - Обратитесь за помощью: Если вы сами находитесь в опасности, обратитесь за помощью в экстренные службы или кризисные центры.
 - Поддержка жертв: Помощь жертвам насилия – это комплексная задача, которая включает в себя не только физическую безопасность, но и психологическую и социальную поддержку.
- В Казахстане помощь при насилии можно получить, позвонив на единый номер 111 (круглосуточный, бесплатный) или на национальную телефонную линию доверия 150 (для детей и молодежи). В экстренных случаях следует набирать 102 (полиция) или 103 (скорая помощь), а также можно обратиться в кризисные центры или подать заявление через портал qatqor.gov.kz.

И.А. Баратова,
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ Психолог

ФУТБОЛДАН АШЫҚ ТУРНИР



2025 жылдың 25-30 қараша күндері аралығында Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелен қаласында футболдан 2012-13 ж.т. жасөспірім арасындағы «QASKELEN CUP» ашық турнирі өтті.

Аталған жарысқа облысымыздың аудандары мен қалаларынан 6 командада 96 спортшы қатысты.

«Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2012-2013 ж.т. жасөспірім ұлдар командасы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша 1 орын иеленді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР:
БОЛАТБЕК МӘДИ, РАХЫМ БІРЖАН

Адильбеков Қапалбай Куатұлы
«Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Директоры

ЖЕТИСУДА ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

- Жетісу облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 21751 әскери бөлімінің жеке құрамымен кездесу өткізді.
- Іс-шараның мақсаты – әскери қызметшілердің МӘМС жүйесі және медициналық көмек алу құқығы туралы хабардарлығын арттыру.
- Естеріңізге сала кетейік, мемлекет жарналарын төлейтін 15 жеңілдік санатынан бөлек, жарна төлеуден босатылатын тұлғалар да бар. Оларға әскери қызметшілер, арнайы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері жатады. Бұл талап Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңының 28-бабының 7-тармағында бекітілген.
- Барлық әскери қызметшілердің деректері «Арнайы есепке алу» ақпараттық жүйесіне енгізілгеннен кейін, олар МӘМС жүйесінде автоматты түрде «Сақтандырылған» мәртебесін алады. Бұл мәртебе оларды тегін медициналық көмектің кепілдік көлемі мен МӘМС жүйесінде медициналық қызметтердің толық пакетімен қамтамасыз етеді. Атап айтқанда:
- бастапқы медициналық-санитарлық көмек (МСАК) дәрігерлерінің жолдамасы бойынша бейінді мамандардың қабылдауы және консултациясы;
 - созылмалы аурулары бар тұлғаларды бейінді мамандардың динамикалық бақылауы;
 - диагностикалық қызметтер, оның ішінде зертханалық диагностика;
 - стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда көрсетілетін мамандандырылған, соның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек;
 - медициналық оңалту.
- Кездесу барысында әскери қызметшілер белсенділік танытып, МӘМС жүйесінде консультациялық-диагностикалық қызметтерге жолдамалар алу тәртібі туралы сұрақтар қойды. Қор мамандары «Сақтандырылған» мәртебесі бойынша медициналық көмек алу үшін пациенттің маршрутын жан-жақты түсіндіріп берді.
- «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
KEAQ Жетісу облысы бойынша филиалы

ГАЗ БАЛЛОНДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Газ баллондары-тұрғын үйі орталықтандырылған газбен жабдықтау шегінен тыс тұрған кез келген саяжай иесінің немесе үйдің ажырамас атрибуты. Газ баллондарын тұрмыста қолдану артықшылықтары мен кейбір кемшіліктері бар. Мысалы, баллонды тасымалдауға және ауыстыруға болады, ал газ құйылған баллонды бірнеше жыл сақтауға болады. Бірақ сонымен қатар, газ-баллонды жабдықты қосу және пайдалану кезіндегі қателіктер өрт және жарылыс қауіптілігінің жоғарылауына әкеп соқтыратынын ұмытпау керек. Температураның күрт көтерілуі немесе өрт кезінде металл баллоны жарылуы мүмкін, ол жарылыс аймағында болған адамдардың өмірі мен денсаулығына айтарлықтай зиян келтіреді.
- Баллондар газ өткізе алады, ал пропан-бутан қоспасы жоғары концен-трацияда адамдардың улануына және өліміне әкелуі мүмкін. Бұл бал-лон тұрғын аймақта болған жағдайда мүмкін болады. Күрт бұрылу қаупі. Қысымның секіруіне байланысты жалынның күрт шығуы мүмкін, оның нәтижесінде газ жабдығы зақымдануы мүмкін.
- Газ таңбасы болмаған жағдайда, ақаулы шұрасы бар тотты іздері бар баллондарды пайдалануға болмайды.
- Баллонды тікелей күн сәулесі мен жауын-шашыннан қорғайтын арнайы желдетілетін шкафта сақтау керек. Шкафтан терезеге немесе есікке дейінгі қашықтық кемінде 1 м болуы тиіс.
- Сондай-ақ жылу көздеріне дейінгі қашықтық (жылыту радиаторлары, электр жылытқыштары және т.б.) кемінде 1 м болуы тиіс.
- Баллондарды жертөледе сақтауға немесе жерге көмуге тыйым салына-ды.

- Жұмыс жағдайында баллонды тік күйде табу керек.
- Баллонды ауыстыра отырып, өрт көздерінің жоқтығына көз жеткізу керек.
- Жоғарыда баяндалған баллон газын қауіпсіз пайдалану ережелерін ешқашан елемейіз, өйткені тіпті аз ғана бұзушылық өмірге қауіп төндіру мүмкін.
- Газ-баллонды жабдықты газдың ағып кетуіне бақылау қажет. Газдың ағып кетуін сабын көбігімен көзбен анықтауға болады. Жиі ағып кету шлангтың жалғанған жерлерінде орын алады.
- Күшті ағып кетуді есту арқылы анықтауға болады, кем дегенде бұл сабын ерітіндісін қолдану орны үшін Кеңес болады. Ағып кетуді бақылаудың тағы бір факторы-тән иістің пайда болуы.
- Қауіпсіздік нормаларын сақтау газдың ағып кетуінен ғана емес, ықтимал теріс салдардың алдын алуға да мүмкіндік береді
- Қауіп мынада, пропан-бутан қоспасы ауадан ауыр, сондықтан ағу кезінде газ еденге ұмтылады, еденде немесе жертөледе жиналуы мүмкін. Бір ұшқын жарылыс тудыруы үшін жеткілікті болады. Газ жарылысының негізгі себебі көбінесе қауіпсіздік нормаларын елемей және немқұрайлық бол-лып табылады.

- Газдан улану қаупін болдырмау және жарылыс ықтималдығын болдырмау үшін тұрмыста газ баллонын пайдаланудың келесі ережелерін орнатыңыз:
- Еденге жақын газ сигнализаторларын орнату;
 - Баллон шұрасы ашылғанға дейін үй-жайды желдету;
 - Іске қосылған газ құралдары тұрақты бақылауда болуы тиіс;
 - Газ плиталарын жылыту немесе жылыту үшін қолдануға болмайды;
 - Газ баллондарын газ жабдықтары сияқты мамандар ғана жөндеуі тиіс;
 - Тұрғындар ұзақ уақыт бойы болмаған жағдайда газ баллондарын тұрғын үй сыртына шығару керек.
- Егер газ ағып кетсе, онда кез келген электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады. Ұшқынның пайда болуына ықпал ететін әрекеттерді орындауға болмайды.Газ баллоннан шыққан кезде оның тұтану жағдайлары болуы мүмкін.
- Ең алдымен вентильді жабуға тырысу керек. Кішкене жалын болған жағдайда оны дымқыл сүлгімен өшіруге болады, содан кейін баллонды сыртқа шығаруға болады. Үлкен жалын қауіпті түрде сөндіріледі, өйткені бөлмеде жиналған газ жарылуы мүмкін.
- Есіңізде болсын, баллонның 180 градусқа дейін қызып кетуі оны жарылысқа әкелуі мүмкін. Газ жанған кезде жарылыс ықтималдығы аз, жақын маңдағы жанып жатқан заттардан баллонның қызып кетуі мүмкін. Сондықтан өрт шыққаннан кейін вентильді жауып, бөлмеден баллонды алып, авариялық қызметті шақыру керек
- Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ «ҚАЗАҚТЫҢ МАҢДАЙЫНА БІТКЕН ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗ



Қазақ халқының тарихында елдің рухани-мәдени дамуына, ғылым мен ағартушылық саласына ерекше үлес қосқан тұлғалар аз емес. Солардың ішінде Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың орны тіптен бөлек. Ол – небәрі отыз жыл ғана өмір сүрсе де, артына өшпес мұра қалдырған, қазақ ғылымының негізін қалаушы, этнограф, тарихшы, географ, фольклортанушы әрі ағартушы. Сондықтан оны халқымыз «Қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыз» деп қастерлейді. Шоқан 1835 жылы Қостанай өңірінде дүниеге келіп, жасынан білімге құмар, алғыр, зерек болып өсті. Ол Омбыдағы кадет кор-

пусында оқып, үздік білім алды. Осы жерде оның ғылыми қабілеті ашылып, орыс және шығыс тарихына, халық мәдениеті мен салт-дәстүріне зерттеуге қызығушылығы арта түсті. Шоқан көптеген шығыс тілдерін меңгерген, соның ішінде араб, шағатай, қытай тілдерін білген. Бұл сол уақытта үлкен жетістік еді. Ғалымның ең ірі ерліктерінің бірі – Қашқарияға жасаған қауіпті саяхаты. 1858–1859 жылдары ол саудагердің кейпіне еніп, сол кездегі зерттеуге жабық аумақ саналған Қашқар елін аралап, тарихи, географиялық, мәдени деректер жинады. Бұл сапары арқылы Шоқан әлемдік ғылымға теңдессіз жаңалық әкелді. Ұлы зерттеуші қазақтың ауыз әдебиетін де терең зерделеп, халқымыздың мәдени қазынасын жинауды мақсат етті. Ол «Қобыланды батыр», «Ер Көкше», «Орақ батыр» жырларын қағазға түсіріп, адамзаттың рухани мұрасы саналатын

«Манас» эпосының алғашқы ғылыми жазбасын жасаған. Оның «Жоңғария очерктері», «Ыстықкөл күнделігі», «Қазақ халық поэзиясының түрлері» сияқты еңбектері – бүгінге дейін өзінің ғылыми маңызын жоймаған құнды дүниелер. Шоқан ғылымда ғана емес, қоғам өмірінде де әділдікті, халықтың еркіндігін, білім мен ағартудың қажеттігін насихаттады. Ол қазақ даласында надандықтың жойылып, оқу-білімнің дамуын армандады. Халық болашағы үшін күрескен ойшылдың идеялары Абай, Ыбырай, кейінгі қазақ зиялыларының ағартушылық бағытынан көрініс тапты. Алайда тағдыр жас ғалымға ұзақ ғұмыр сыйламады. 1865 жылы ауыр науқастан қайтыс болды. Бірақ оның аз ғана ғұмыры қазақ халқы үшін тұтас ғасырларға татитын мұра қалдырды. Қорыта айтқанда, Шоқан Уәлиханов – туған халқының тарихын зерттеп, әлемдік деңгейге танытқан, қазақ ғылымының шамшырағы болған ұлы тұлға. Оның еселі еңбегі, биік ой-мұраттары, халқына деген махаббаты мәңгі өшпейді. Сондықтан ол – шынында да, қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыз, ел мақтанышы, ұлт рухының символы.

Р.А.Бектуганова
Сырымбет ауылдық
кітапханашысы

ТАРИХТЫҢ ТАУҚЫМЕТТІ ЖЫЛДАРЫ

Халқымыздың тағдыры қиын-қыстау кезеңдерге толы екені тарихтан белгілі. Осы өткеннен сабақ алу және жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру мақсатында Қайнарлы ауылдық кітапханасында «Тарихтың тауқыметті жылдары» атты танымдық шара ұйымдастырылды.

Шара барысында ХХ ғасырдағы ең ауыр кезеңдер – ашаршылық жылдары, саяси қуғын-сүргін және Ұлы Отан соғысының елге тигізген ауыртпалығы туралы кеңінен айтылды.

1921–1922 және 1931–1933 жылдардағы ашаршылықтың салдары, халықтың жаппай қырылуы – ұлттың есінде қасіретті кезең ретінде қалғаны атап өтілді.

Сонымен қатар 1937–1938 жылдары орын алған саяси қуғын-сүргін туралы деректер ұсынылып, Алаш арыстарының елдік жолында құрбан болған ерліктері еске алынды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ халқының майдан мен тылдағы жанқиярлық еңбегі де назардан тыс қалмады. Сол кезеңге қатысты фотосуреттер мен кітаптар көрмеге қойылып, келушілерге таныстырылды.

Жиын барысында Семей ядролық полигоны мен Арал теңізінің тартылуы сияқты экологиялық апаттардың халқымызға тигізген зардабы да сөз болды.

Шараға қатысқан оқырмандар ел тарихындағы қиындықтардың маңызын түсініп, бейбіт күннің қадірін сезіне түсті. Осындай танымдық кездесулер өскелең ұрпақты елін сүюге, өткенді құрметтеуге тәрбиелейді.



Ақнұр Нұратайқызы
Қайнарлы ауылдық кітапханашысы

ШЫРШАНЫ ҚОРҒАЙЫҚ ЖӘНЕ САҚТАЙЫҚ

Қыс мезгілі мен Жаңа жыл мерекесі келгенде көңіл-күйді көтеретін табиғат сұлулығының бірі – қылқан жапырақты ағаштар, әсіресе шырша. Алайда осы өсем ағаштарды мереке кезінде рұқсатсыз кесу табиғатқа үлкен зиян келтіреді. Сондықтан шыршаны қорғау мен сақтау – әрбір азаматтың экологиялық жауапкершілігі.

Неліктен шыршаны қорғау маңызды?

Шырша – орман экожүйесінің ажырамас бөлігі. Ол:

- орманды жел эрозиясынан қорғайды;
- ауа құрамын тазартады, оттегін бөледі;
- көптеген жануарлар мен құстарға мекен;
- климаттың тұрақтылығын сақтауға үлес қосады.

Бір шыршаның өсуіне кемінде 10–15 жыл қажет. Ал мереке алдында заңсыз кесілген мыңдаған жас шырша орманның қалпына келуін тежейді.

Заңсыз шырша кесудің салдары

Рұқсатсыз ағаш кесу:

- орманның сиреуіне; флора мен фаунаының бұзылуына; топырақ құнарлылығының төмендеуіне; экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына әкеледі.

Сонымен қатар заң бойынша орманды қорғау талаптарын бұзған азаматтарға айыппұл салынады.

Шыршаны қалай сақтай аламыз?

- 1.Жасанды шырша таңдаңыз. Бүгінгі таңда жасанды шыршалар экологиялық әрі ұзақ жыл қолдануға қолайлы.
- 2.Шыршаны тірідей сатып алып, кейін отырғызу. Кейбір арнайы питомниктер топырағымен қазып алынған тірі шыршаларды сатады. Мерекеден кейін оны аулаға немесе арнайы жерге отырғызуға болады.
- 3.Орманнан рұқсатсыз ағаш кеспеу. Заңды кесуге тек арнайы рұқсаты бар ұйымдар ғана құқылы.
- 4.Экологиялық мәдениетті насихаттау. Балаларға табиғатты қорғаудың маңызын түсіндіру – болашақ үшін маңызды.
